

## Мұнай өнімдеріне бағаны босату туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 қарашадағы N 1224 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Бәсекелестікті одан әрі дамыту және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын шаруашылық жүргізуші барлық субъектілер үшін бірдей жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республиканың мұнай өңдейтін зауыттары мен "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының кәсіпорындары мұнай өнімдерін 1994 жылдың 7 қарашасынан бастап еркін бағамен сататын болсын.

2. "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының кәсіпорындары 1994 жылдың 7 қараша айындағы жағдай бойынша 1994 жылдың 7 қарашасына дейін 1,6 коэффициентте реттелетін бағамен сатылған мұнай өнімдерінің қалдығын түгендеп, қайта бағаласын. Айырма сома өздерінің айналым қаржыларын толықтыруға бағытталсын.

3. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мұнай өңдейтін және мұнаймен жабдықтайтын кәсіпорындардың шығарған және сатқан мұнай өнімдеріне арналған бағаларға бақылау жасауды "Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысында көзделген тәртіпте жүзеге асырсын.

4. "Энергия көздерінің бағасын мемлекеттік реттеу және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің қымбаттауына байланысты халықты әлеуметтік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 қаңтардағы N 68 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 2, 29-бап) 5-тармағының;

"Энергия көздерінің мемлекеттік реттелетін бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 тамыздағы N 678 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 32, 368-бап) 3-тармағындағы 2 абзацтың;

"Энергия ресурстарына бағаны босату және қызмет көрсетудің кейбір түрлерінің тарифтерін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 наурыздағы N 288 қаулысының (Қазақстан

Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 15, 145-бап) 3 және 4-тармақтарының;  
"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23  
наурыздағы N 288 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан  
Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 7 қыркүйектегі N 1003  
қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н        Р е с п у б л и к а с ы*  
*П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң*

*б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК